

**Түркістан облысы, Сайрам ауданы білім бөлімінің МКҚК «Арай»
бөбекжай бақшасының**

**Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ЕРЕЖЕСІ
Жалпы ережелер**

1.1. Осы ереже бөбекжай бақшасындағы ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды дамыту мен оқытудағы мәселелерді шешу және ерекшеліктерін зерттеуге кешенді ықпалды қамтамасыз ету үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (бұдан әрі - ППҚ) мамандары мен білім беру процесінің қатысушыларының өзара әрекеттесуінің тұрақты қызмет ететін формасы болып табылады.

1.2. ППҚ - білім беру процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет.

1.3. ППҚ қызметі бөбекжай бақшасы меңгерушісі бұйрығымен құрылады және ППҚ төрағасымен үйлестіріледі.

1.4. ППҚ қызметі өз әрекетінде БҰҰ бала құқықтары туралы Конвенция, «Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы», «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылы 12 қаңтарындағы №4 бұйрығы», «Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы», «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылы 12 қаңтарындағы №6 бұйрығы» Заңдарды және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мақсаты мен міндеттері

2.1. ППҚ қызметі әрекетінің мақсаты ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды оқыту барысында жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру мен дамыту үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру жүйесін қолдау болып табылады.

2.2. ППҚ қызметінің міндеттері:

2.2.1. Білім беру процесінде балалардың жан-жақты дамуын, әлеуметтенуін, құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында ППҚ қызметін жүзеге асыру;

2.2.2. Мектепке дейінгі ұйымдарда, ППҚ қызметімен қамтамасыз етуді арнайы мамандар арқылы жүзеге асыру;

2.2.3. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацията ұсыну қорытынды жасау;

үшін оқушының даму, денсаулығы мен білім алу ерекшеліктері туралы

2.2.4. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды дамыту мен тәрбиелеу мақсатында қолайлы жағдайлар жасауды ескере отырып дамыту бағдарламаларын зерттеу және іске асыру;

2.2.5. ППҚ қызметінің мамандарының өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету;

2.2.6. Диагностикалық, консультациялық және түзету-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау барысында іске асырылатын әдістемелік қолдау;

2.2.7. Тәрбиеленушінің ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау;

2.2.8.Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсету;

2.2.9. Тәрбиеленушінің түзету-дамыту, тәрбие жұмысы және оқыту нәтижесінің мониторингісін жүзеге асыру;

2.2.10. Бөбекжай бақшасы ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастыру мен сапасына, оқу үдерісіне барлық қатысушылардың толерантты мінез-құлық мәдениетіне негізделген қауіпсіз және психологиялық жайлы ортаны қамтамасыз етуге, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушылар туралы жеке ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары:

3.1. Педагогикалық тәжірибеге психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етудің жаңа әдістері мен технологияларын енгізеді;

3.2. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдайды;

3.3. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (ПМПК)

қорытындыларының негізінде оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды сабақ барысында педагогтер, арнайы педагог, психологтар, әлеуметтік педагог, логопед, педагог-асистент топтық сабақтарды ұйымдастыру негізінде жүзеге асырады;

3.4. Бөбекжай бақшасының қызметкерлері білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін бағалау процесін ұйымдастырады, білім беру қажеттіліктерін бағалау кезеңінде және оқушыларды психологиялық- педагогикалық қолдап отыру процесінде педагогтер. Мамандар және ата – аналардың өзара іс – қимылын реттейді, психологиялық- педагогикалық қолдап отыруды жүзеге асыратын мамандардың құжаттамасын жинау мен қалыптастыруды бақылайды.

3.5. Бөбекжай бақшасының ППҚ қызметінің педагогтері оқу бағдарламаларын бейімдейді, оқу процесін дараландырады және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жетістіктерін бағалайды, білімдеріндегі, біліктеріндегі, дағдылардағы олқылықтарды толтырады, оқулықтарды, оқу материалдарды таңдайды, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) даму жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастырады, физикалық, психикалық және моральдық денсаулығын сақтау мақсатында сабақтарда және сабақтан тыс жұмыстарда эмоционалдық жайлылық атмосферасын құрады.

3.6. ППҚ қызметінің мәселелері бойынша біліктілікті арттырады;

3.7. Санатты жақсарту мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтеді;

3.8. ППҚ қызметтегі мамандар табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, наградалар және жеке шекіртақылар түріндегі моральдық және материалдық көтермелеуді алады.

4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын ұйымдастыру

4.1. ППҚ қызметінің отырыстары қажеттілігіне қарай жүргізіледі. Бірақ оқу жылында ер бала (ерекше білім беруге қажеттілігі мен жеке мүмкіндіктері бар) үш реттен кем емес талқылануы қажет. Шұғыл жағдайларда отырыс жоспардан тыс жүргізіле алады.

4.2. Отырысты ұйымдастыру екі кезеңде жүреді.

4.2.1. 1 кезең - дайындық: ППҚ қызметінің мамандары өздігінен жүргізеді; диагностикалық мәліметтерді жинақтау іске асырылады; алдын ала қорытындылар мен ұсыныстар жасалады; медициналық қызметкердің, психологтың, арнайы педагогтың, элеуметтік педагогтың диагностикалық мәліметтері талданады.

4.2.2. 2 кезең - негізгі: диагностика нәтижелері бойынша талқылау жүргізіледі; ұжымдық шешім, ұсыныстар жасалады; ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың даму, денсаулығы мен білім алу ерекшеліктері туралы қорытынды жасалады

4.3. Талқыланған сұрақтар мен олардың шешімдері отырыстың хаттамасында тіркеледі.

5. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамы

5.1. Нәтижелі және құзыретті жұмыс істеу үшін ППҚ қызметінің құрамы жылжымалы болу керек. Оның құрамында тұрақты және уақытша қатысушылар кіреді.

5.1.1 Тұрақты атысушылар: ППҚ қызметінің төрайымы психолог, логопед, медбике

5.1.2 Уақытша қатысушыларға эксперт ретіндегі әр түрлі маман кеңесші тәрбиеші.

6. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі бойынша құжаттар

6.1. Мектептің ППҚ қызметінің ережесі.

6.2. Мектептің ППҚ қызметін құру туралы бұйрық.

6.3. Ағымдағы оқу жылына арналған ППҚ қызметінің жұмыс жоспары.

6.4. ППҚ қызметінің оқушыларды тіркеу журналы.

6.5. ППҚ қызметінің отырыстары, қорытындылары мен ұсыныстарын тіркеу журналы.

6.6. Педагогикалық мінездеме, мамандардың тұжырымдамасы және ППҚ қызметінің қорытындысы